



academia LAB

«Саммерхил: Бала тәрбиелеуге түбегейлі көзқарас»

Автор: Нилл, Александр Сазерленд

Сипаттама: «Саммерхил» кітабы автордың өзі ашқан Саммерхил мектебі жайында жазылған. Кітап ата-аналарға, педагогтарға және жалпы баламен жұмыс істейтін мамандарға балалық шақтың маңыздылығы; бақытсыздық; қиын балалар туралы түсіндіреді. Кітап көптеген қателіктердің алдын алу мүмкіндігін береді.

Кітап автордың бірнеше алдыңғы еңбектерін қамтиды. Кітап өзінің түбегейлі өзгеше көзқарасымен ерекшеленеді. Александр Нилл өз әдісінің мардымдылығын тәжірибе арқылы дәлелдеуге тырысады. Бала болмысының табиғатын түсіндіре отырып, ересектерге қолданбалы кеңестер береді. Бақытты бала өсіруге көмектеседі.

≡ **Өзектілігі**

≡ **Негізгі идеялар**

≡ **Қысқаша мазмұны**

≡ **Автор жайында**

Өзектілігі



Кітаптың қысқаша мазмұнынан білетіндеріңіз:

- Саммерхил мектебі және оның дәстүрлі мектептерден ерекшелігі;
- Саммерхилдің болашағы және оның түлектері;
- Өзін-өзі басқару ұғымын және оны қалыптастыру жолдары;
- Бала өміріндегі жұмыс және ойын сынды тақырыпта қолданбалы кеңестер.

Негізгі идеялар



Кітапта қамтылатын идеялар:

- Дәстүрлі білім беру жүйесі баланы бақытсыз етеді. Бақытсыздықтың салдары;
- Баланы еркіндікте тәрбиелеу ерекшеліктері мен қиыншылықтары;
- Бала болмысы, жеке бас психологиялық тұлғасымен танысу;
- Бодандықтағы және бостандықтағы бала.

Қысқаша мазмұны



1

Кіріспе

Адам жанының тереңдігі мен ішкі ой-өрісінің шексіз мүмкіндіктері туралы көп айтылады. Алайда қанша ғасыр өтсе де, психология ғылымы әлі күнге ешкімге толық сырын аша қойған жоқ.

Білім беру саласынан кейін бала психологиясы саласында ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп келдім. Осы уақыт аралығында мінез-құлқы әр түрлі балалар алдымнан өтті. Өтірік айтатыны бар, ұрлық жасайтыны бар, бұзақысы да бар.

Қолданбалы бағыттары сан алуан психология ғылымының негізгі мақсаты – адамның жан дүниесін емдеу. Дәлірек айтқанда бақытсыздықтан құтқару. Төңіректі түгел жау деп санайтын бала – бақытсыз бала. Үлкендер де солай, бақытты әйел ешқашан жары мен баласына титтей дүниеге бола ұрыс-керіс шығармайды. Бақытты адам ешуақытта біреудің ала жібін аттамайды, ұрлыққа бармайды.

2

Саммерхил мектебі

Ұзақ жылдар бойы орта мектепте ұстаз бола жүріп дәстүрлі білім беру жүйесінің кемшілігін бес саусақтай көріп-білдім. Білім жүйесінің ересектер тұжырымына негізделуі баланың интеллектуалды кеңістігіне ғана емес, эмоционалды, әлеуметтік және физикалық дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Негізі 1921 жылы қаланған Саммерхил мектебі әу баста тәжірибелік мақсатта ашылып, артынан нағыз бостандықтың үлгісіне айналды. Біз мектеп талаптарына сай келетін оқушыларды жинаған жоқпыз, керісінше бала болмысына сай келетін мектеп ашуды көздедік.

*Мен мектептің жүйкесі тозған қазымыр ғалым дайындап
шығарғанынан гөрі, бақытты көше сыпырушы тәрбиелегенін
қалар едім*

Саммерхил мектебіннің басты ерекшелігі сабақ оқуды ешкімге міндеттемейді. Әйтсе де мектепке кішкентайынан бастап келген бала ешуақытта сабақтан себепсіз қалған емес. Ал өзге мектептен ауысып келген оқушылар бастапқыда сабаққа айлап келмейтін. Біз мұны қалыпты жағдай деп есептейміз, өйткені олар сабақ оқығанды мүлдем жек көретін. Арнайы мамандардың қатысуымен мұндай балалармен жеке дара жұмыс жүргізіліп, көмек көрсетіледі. Орта есеппен үш ай шамасында балалар толық сауығып шығады.

Сондай-ақ мектеп ережелері бекітелетін жалпы жиналыстарға оқу орнының тең құқылы мүшесі ретінде оқушылар да қатысады. Оқушының бойында мінез бен тұлғалық қасиеттерді дамытуда мектеп құрылымы мен жүйесіне негізделген білім жеткіліксіз. Осы орайда Саммерхил мектебі оқушыларды өз-өзіне сенімді болуға, неғұрлым еркін болуға үйретеді. Мәселен, жоғарғы оқу орнына емтихан тапсырар кезде оқушылар сынақтан қиыншылық көрмеді. Араларындағы емтиханнан өте алмаған талапкерлер бұл жағдайды қалыпты жайт ретінде қабылдай алды. Мектеп үшін де, ата-ана мен оқушы үшін де ең басты жетістік осы болса керек.

Оқу-тәрбие жұмысында әр баланың психикалық дамуы мен даралығын, ішкі әлеуетін анықтай отырып, жеке басын дамыту үлкен маңызға ие. Балаға әркез мейірімді болу – бақыттың бастауы.

Балаға ұрсып, қаталдық көрсету арқылы жазалау болашақ тұлғаның дамуына тек кері әсер етеді. Саммерхил мектебі осы үддеден шығу мақсатында аянбай еңбек етті. Ересектер мен балалар қарым-қатынасындағы көзқарас теңдігі әрдайым басты орында болуы тиіс. Олай дейтін себебім, мектеп ұстанымында еркіндік пен көзқарас теңдігі кеңінен салтанат құрды. Бірде бес жасар Билли өз туған күнінде маған «Мен сізді шақырған жоқпын, кетуіңізді сұраймын», деді. Еш қарсылық танытпастан, айтқанын істедім. Мен оны өз кабинетімнен шығара алатынымдай, ол да мені өз аумағынан шығаруға толық құқылы.

Ой еркіндігі мен жауапкершілік түсінігі

Бала психикасының дамуын негізгі және қосалқы әдістермен зерттей келе, тәрбие мен бала еркіндігін сақтау арасындағы шектің арақатынасы туралы мәселе көпті толғандыратын жайт екеніне көзім жетті. Баланың талап-тілегін орындап қана қоймай, тәрбиелік міндеттерді баланың өзімен ынтымақтаса, жаңаша шешіп отырған абзал. Отбасындағы қарым-қатынаста балаға бұйрықпен мәжбүрлі түрде тыңдату, бала қызығушылықтарына мән бермеу, оған қатысты мәселеде бала шешіміне құлақ аспау тұлғалық дамудағы алғашқы сәтсіздіктердің бастамасы болуы ықтимал.

Ал бала бойында ересектер алдындағы қорқыныштың болмауы оның әлеуметік жауапкершілік дағдыларын қалыптастырады. Мысалы, терезені шағып алғанын ешкімнен қорықпастан ашық айта алады әрі кінәлі екенін мойындайды. Жалпы, үлкендер тарапынан жасалатын тыйым мен өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндік бермеу баладағы еркін ойлау жүйесін шектей түседі. Баланың қоршаған ортамен үйлесімді дамуы өзіне деген сенімі мен ой еркіндігіне тікелей байланысты болмақ.

Саммерхилдік білім беру мен дәстүрлі оқытудың айырмашылығы

Білім берудің негізгі мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке адам мен қоғамның дамуы үшін жекелеген адамдардың танымы мен көзқарасын жетілдіруді көздейді. Қарапайым тілмен айтсақ, өскелең ұрпақты өмір жолына дайындау. Бүгінгі күні көптеген білім беру ордаларында оқушыларды өмірге дайындағаннан гөрі, пән аясындағы жаттанды тақырыптар аясынан ұзай алмай жатады.

Кез келген үйде балаға ақыл айта кететін бір данышпан міндетті түрде табылары сөзсіз. Қашан да олардың қандай да бір көмекке тәуелді екенін, өзінен үлкендерге мүдделі болу керектігіне сендіріп жүреміз.

Кітап – білім беру үрдісінің ең маңызсыз бөлшегі әрі педагогиканың негізі емес, жанама құралдары ғана. Теорияға негізделген іс-әрекет балаға білім алу мен өмір сүрудің қуанышын сезіндірмейді. Кітаптағы ережелер мен түрлі формулалардың жиынтығына ғана негізделген бірсарындылық баланың жүрегі мен миын бөліп тастайды. Ал сезімсіз өмірге дайын болу мүмкін емес дүние. Бұл оқу-білімге қарсылық емес, керісінше бақытты балалық шақты төрт қабырғаның ішіне қамап қоюға наразылық.

Өз қорқынышын жеңуді баланың жетістігімен өлшейтін ата-аналар көп. Баланың кез келген қателігін дер кезінде түбірімен жойып тастап отырғанды жөн көреді. Әйтпесе баланың ертеңгі болашағына қатер төніп тұр деген орынсыз үрей баланың да, өзінің де тынышын кетіреді. «12 жасында сабақты жөнді оқи алмайтын баланың келешегі қалай болады?» деп сұрайды. Балаға қолынан келер мүмкіндіктері негізінде өз бетінше дамуға мүмкіндік берген абзал.

Мұндай сәттерде, кей сыншылар «жүргізуші болып нәпақа табуды да жетістік деп санайсыз ба?» деп мүдірткісі келеді. Жетістік деген нарықтағы бәсекеде жан-тәніңді құрбан етіп, ашық жарысқа түсу емес, ұнамды жұмысын көңілді атқара жүріп, өмірді қуанышпен сүре білу. Дәл осы негізге сүйенер болсақ, Саммерхил түлектерінің басым көпшілігі жетістікке жеткен дер едім.

Мектепке 5 жасында келген Том есімді оқушының сабаққа үлгерімі өте нашар еді. Оқуға қызықпағаны былай тұрсын, екі сөздің басын құрай алмайтын. «Сабақ оқымасаң далада қаласың», деп біз оны қорқытқан жоқпыз, керісінше әліптің артын бағып, сабырмен күте білдік.

Бір күні түнге қарай бөлмесіне кірсем атақты иллюзионист Дэвид Копперфильдтің кітабын ұстап отыр екен. Тағы бір күні келіп есептің мәнін сұрады. Бірте-бірте фильм түсіруге қызығушылығы артып, осы салаға ден қоя бастады. Кейін жолым түсіп Том жұмыс істейтін орынның жетекшісімен кездесіп қалып, сөз арасында ол туралы да айтылып қалды. «Мұндай қызметкерді көрмедім. Сенбі-жексенбі сайын студиядан шықпайды. Жұмысты шын ынтасымен істейді. Үнемі даму үстінде» деп таң қала әңгімелеп берген болатын. Саммерхил мектебінде Том сияқты оқушылар өте көп. Олар қайда жұмыс істесе де, ең бастысы бақытты сезіне біледі.

Таяқтың екі ұшы бар дегендей, сәтсіз мысалдарды да айтқаным орынды болар. Барбел есімді қыз мектепке 15 жасында қабылданып, бір жылдан кейін кетті. Үнемі үлкендердің нұсқауымен жүріп-тұрып үйренген бала өз бетімен шешім қабылдай алмайтын. Біреудің өзіне бұйрық бергенін күтіп, қандай да бір міндет жүктелгенін қалайтын. Байқауымызша, 10 жастан асқан баланың танымы мен психологиялық дағдыларының түбегейлі оң өзгеруі қиынға соғады.

Мектеп оқушылары ешуақытта жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүруге әдеттенген емес. Сол себепті де өз мақсаттарына жету жолында әлдеқандай қиыншылық пен кедергілер кездесіп жатса шешім іздеуден танбады. Өмірлік мақсаттарын өзге біреу емес өздерінің таңдап алуы оларды табандылыққа, жауапкершілік пен талапшыл болуға жетеледі.

Саммерхилдің болашағы

Жетпістен асқан шағымда балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша жиып-терген тәжірибемді көпшілікке ұсынуға бекіндім.

Еркіндік пен махаббатқа негізделген саммерхил бастамасы педагогикалық қызмет пен оқушылардың тұлғалық құрылымын арттыруда белгілі бір шамада ықпал етері сөзсіз.

Әйтсе де, саммерхил әдісін бірыңғай жаппай қолдану тиімді болады деп айта алмаймын. Өзгелер бұл нұсқаулықтан да үздік жолды табуы керек, сонда ғана дамудың даңғыл жолына түсе аламыз.

Саммерхилдегі жеке сабақтар

????

Мектептегі негізгі міндетім ретінде балаларға үнемі жеке сабақ өткізетінмін. Өйткені оқушылардың дені психологиялық көмек пен кеңеске мұқтаж болатын. Одан бөлек өзге мектептен ауысып келген балаларға олардың дербес психологиялық ерекшеліктерін анықтай отырып, неғұрлым еркін болуға, тұйық мінезден арылуға бағыт-бағдар берілетін.

Оқушылардың психикалық денсаулығын қалыптандыру мақсатында жеке сабақ баламен тең дәрежеде, барынша ашық әңгімелесе отырып жүргізіледі. Сабақ оқушыға ыңғайлы еркін форматта өткізіледі.

Әдетте «айнаға қарағанда өз түрің ұнай ма?» деген сұрақ қоюдан басталады. Өкінішке қарай, көбі «жоқ» деп жауап беретін. Балалар іркіліп қалмай, ішіндегі сырын жайып салады. Осыдан соң барып олардың бойындағы өзін қораш сезіну, көңілі толмау, өзгелерден кем санауы сынды психоэмоциялық жағдайлар анықтала бастайды.

Оқушының сабаққа ынтасының жоқтығы, жалқаулығы, ашушаң болуы ата-анасына тікелей байланысты. Үйдегі үлкендердің «Ағаң сияқты ақылды бол» дей беруі баланың жүйкесін шамадан тыс қажап, ызақор, мазасыз болуына әкеліп соғады.

6

Өзін-өзі басқару

Мектепте кез келген әлеуметтік мәселелерден бастап ұжымдық қарым-қатынас шиеленісі оқушылардың жалпы жиналысында дауыс берумен шешіледі. Үлкендердің әлімжеттігі мен үстемдігіне жол берілген емес.

Қандай да бір мәселеде оқушылардың шешім қабылдауына басшылық тарапынан мен араласқан емеспін. Тіпті көп жағдайда мен ұсынған талай дүние қолдау таппай қалатын.

Мектеп тәртібі бойынша оқушылардың бір-біріне орынсыз мін тағуына, айыптауын болмайды. Яғни, оқушылар өз ренішін айтар кезде өзге сыныптасының жеке басына тиіспейді. Мысалы, «Ол менің затымды ұрлап алды, ұрлықшы, жаман бала» демейді, «Менің затымды ұрлап алғаны маған ауыр тиді» деп сыпайылап жеткізеді. Мұндай уәждің кінәлі баланың ар-ұятына әсер етіп қана қоймай, оның түзелуіне ықпалы бар екенін талай рет байқадық.

7

Жұмыс

Балалардың әлеуметтік жеке тұлғалық дамуы мектептегі білім беру үрдісінің негізгі бағыты саналады. Әдетте баланың қоғамды қабылдауы мен әлеуметтік жауапкершілік сезімі кемінде 18 жасқа дейін толық қалыптаспайды. Анатомиялық-физиологиялық жетілуі мен іс-әрекетінің кемелденуі кезеңінде олардың қызығушылығы құбылмалы болып келеді.

Жеке адамның жан-жақты әрі толыққанды дамуын қамтамасыз ететін тәрбиенің негізгі мақсатынан алшақтап кетпеуіміз қажет. Оқушылармен жұмыс істеген қырық жылдан астам уақытта жалқау бала көрген жоқпын. Ерсектердің «жалқаулық» деп атайтын жағымсыз сипат қызығушылықтың жоқтығынан, не болмаса денсаулықтағы кінәраттан туындайтын дүние. Мысалы, баланың математика пәніне туа бітті қабілеті аз әрі құштарлығы болмайды. Аталған пәнді мектеп бағдарламасы баршаға міндеттеп, оқуды талап етеді. Ал талапқа сай емес оқушыға «жалқау» деген айдар тағып беруі ешқандай адамгершілік қағидасына тән емес.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, тәрбие міндеттерінің табысты болуы жеке адамның өз іс-әрекетін саналы басқаруға мүмкіндік беретін психикалық даму деңгейімен сипатталады.

Ойын

Саммерхил мектебінде ойын тәрбие берудегі ең маңызды әдістердің бірі. Балалар ойын барысында өздерін неғұрлым еркін сезініп, шынайы өмірдегідей қуаныш пен ренішті бастан кешіреді. Жас баланың өмірді тануы еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Баланың шуылдауына төзімсіздік танытып, еркін ойнауына қарсылық білдірмеген дұрыс. Керісінше, баланың ойынға деген қызығушылығын үнемі қанаттандырып отыру керек. Ойын үстінде бойындағы қабілеттерін көрсетуге, қарым-қатынаста өзін басқаруға, жеке пікірін білдіруге үйренеді.

Ойнауды ұмытқан баланың психикалық дамуы тежеліп қалуы мүмкін. Біздің оқушылардың көбі футболға, шоуға қызықпай жатады. Мұның барлығы кішкентай кезінде ойынға қанбағанның салдарынан деп білемін.

Бодандықтағы бала мен бостандықтағы бала

Мамандардың айтуынша, балаға психологиялық зақым бес жасқа дейін жасалады. Мәселен, бала дүниеге келгеннен кейін дәрігер сәбиді арнайы кестемен тамақтандыруға кеңес береді. Ал қарны ашқан бала дәрігер көрсетіп берген сағатқа бағынбайды, амалсыз саусағын сора бастайды.

Дәрігер мұны да жаман әдет деп тауып, қолын таңып тастауға, не болмаса түрлі жағымсыз дәрі-дәрмек жағуды жөн көреді. Осылайша баланың табиғи қажеттіліктері түрлі шарттардың құрбанына айнала бастайды. Апыл-тапыл еңбектей бастағаннан-ақ «Жаман», «Болмайды», «Тиіспе» деген тәрізді түрлі шектеулердің астында қалады.

Тәртіппен жүріп-тұратын, түрлі қысымға ұшыраған бала – бодан бала. Олар әлемнің кез келген бұрышында тәрбиеленіп жатыр. Мұндай бала кез келген дүниеден басын ала қашуға бейім, қандай қиыншылыққа болсын төзімсіз келеді. Дүниетанымға деген әу бастағы қызығушылығы мен құштарлығы өтірік пен тыйымға тап болып отырған бала болмысында үрей тамыр жаяды. Ол қорқыныш бірінші кезекте өзі мен айналадағыларды алдауға алып келеді. Өтірікке негізделген қоғамда әр адам өзін сыртқа бақытты етіп көрсеткен сайын ішкі кемелдіктен жұрдай бола береді. Тұлғалық дамудың жалпы заңдылықтары артта қалған адам ешқашан толық бақытты бола алмайды. Бар бақытсыздықтың негізгі себебі – балалық шақтағы бодандық.

Сол сияқты адам баласында шексіз бостандықтың да болуы мүмкін емес. Қалай болғанда да ата-ананың, мұғаліммен, қоғамның ықпалына түсуіміз табиғи заңдылық. Алайда осы салыстырмалы ықпал шектеуші күшке айналып кетпеуі тиіс.

Өкінішке қарай, әлемде бостандықта күн кешетін балалар өте аз. Мен үшін олар қоғам болмысын түбегейлі өзгертетін бар өркениеттің бастауы сынды. Адамға тумысынан жазылған бостандықтың негізгі мәні барша жақсылыққа сенуде жатыр.

Баланы еркін өсіремін дейтін кей ата-ана өздері балаға тәуелді болып, бала отбасы жүйесінің эпицентріне айналады. Бұл да жақсы жол емес. Ата-ана бала тәрбиесіндегі бірден-бір жауапты тұлға болғандықтан бала мен әке-шеше рөлі тең болуы керек деп санаймын.


Балаға темірдей тәртіп болмаса бетімен кетеді, дамымайды деген жалған түсінік бар. Шын мәнісінде тұлғаның дамуы адамзат баласының табиғи күйі. Сыртқы күштердің араласуы салдарынан табиғи қабілеттен айырылып, қайтадан демеуші күштер қолдауы керек болып жатады.

Ата-аналар орынды-орынсыз ашуын баладан алмауға зейін қоюлары тиіс. Ашу мен ыза, ұрыс-керістің салдарынан қаншама бала бақытсыз күй кешіп жүр. Жалпы тумысынан тәртіпсіз, нашар бала болмайды, олар тек қоғамның жағымсыз оқиғаларының жәбірленушісі ғана. Осы сынды қарапайым шындық көптеген ересектердің санасын оятады деп сенемін.

i P.S. Мәтінде автордың айтқысы келген ойын толық ашып көрсету мүмкін емес, сондықтан аталған кітаппен танысуға кеңес береміз.

Бөлім 4 барлығы 4

Автор жайында



Александр Сазерленд Нилл — білім беру саласының новаторы, бала тәрбиесі туралы оншақты еңбектің авторы, «Саммерхил» мектебінің негізін қалаушы.

Нилл мырза бала бостандығын қорғаушы педагог ретінде әлемге танымал маман. Балаға қатысты кез келген шешім оның бақытты болуын ескере отырып қабылдануы керек деп сенген. Ал осы бақыттың көзі бостандық деп дәріптеген.

Өзінің ерекше тәсілімен және қайтпастығымен көзге түскен. Өмірінің соңына дейін өзі ашқан мектептің дамуына қызмет еткен.